

5. Оқу материалдық активтер.

«Балбөбек» шағын орталығы Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ету үшін жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін жиһаз жиынтығы (үстелдер, орындықтар, кереуеттер, төсек-орындар, шкафтар, қолжуатын раковиналар, ішкі дәретхана жәнет.б.) жеткілікті мөлшерде қамтылған. 40 балаға арналған шағын орталықта екі қабатты төсектер және төсек жабдықтарымен толық жабдықталған.

Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жаратқандырылған. Жабдықтар мен жиһазға жүк құжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінен мектеп алды даярлық сыныптың және шағын орталықтың пәндік-кеңестік ортасы толықтырылып отырады.

Жүктелген шағын орталық бейне материалдары

6. Кітапхана қоры және ақпараттық ресурстар.

Шағын орталық тәрбиеленушілеріне арналған қазақ тілі бойынша «Балапан» кіші тобында «Тіл дамыту 2+», «Сенсорика 2+», «Оқып үйренеміз», «Көркем әдебиет 2+», «Қоршаған ортамен танысу 2+», «Сурет салу 2+», «Құрастыру 2+» «жапсыру 2+», «Қазақ ертегілер» оқу құралдармен қамтылған және «Күншуақ» тобында «Тіл дамыту 4+» жұмыс дәптері балапан 4+, «Математика негіздері 4+» жұмыс дәптері 1-2, «Оқып үйренеміз», «Көркем әдебиет 4+», «Сүйікті сиықырлы ертегілер», «Қоршаған ортамен танысу 4+» 1-2 жұмыс дәптері, «Сурет салу 4+» 1-2 жұмыс дәптері, «Құрастыру 4+» 1-2 жұмыс дәптері, «Жапсыру 4+» 1-2 жұмыс дәптері оқу әдістемелік кешендері бар. Қосымша келесі сілтемеде

<http://sc0005.zerenda.aqmoedu.kz/content/uchebno-metodicheskie-kompleksy-doshkolynoy-organizacii-prilozhenie-5>

7. Тәрбиеленушілердің білімін бағалау

2022- 2023 оқу жылында баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің және тәрбиеленушілердің жеке даму карталары ұсынылды. «Балбөбек» тобында және мектеп алды даярлық сыныбында балалардың жеке даму карталары әр бір сала бойынша толтырылған.

«Балбөбек» шағын орталығы мен мектепалды даярлық сынып тәрбиеленушілерінің жеке даму карталары мен мониторингтері қарастырылып, талдау жасалды.

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелері 2020-2021, 2022-2023 оқу жылына қарастырылған әр топтарға баланың даму мониторингі

баланың біліктерімен дағдылары дамуының бастапқы бақылау нәтижелері бойынша кестелер толығымен толтырылған. Білім берудің 5 саласы бойынша әр топқа мониторингтер бар. Балалардың іскерліктерімен дағдыларының дамуын қадағалау бойынша бастапқы мониторинг нәтижелері жүйелі түрде жүргізілетіні анықталды. Балалардың даму мониторингі, баланың біліктері мен дағдылары дамуының бастапқы, бақылау нәтижелері бойынша кестелер, даму карталары ұсынылды. 2023-2024 оқу жылында

Мектеп директоры мен бекітілген циклограммаға сәйкес перспективалық жоспар, барлық тәрбиеленушілердің жеке даму карталары, үлгілік оқу жоспарының әрбір білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің бейне материалдары қарастырылды. «Балбөбек» шағын – орталығының кіші тобы мен ересек, мектеп алды даярлық сыныбы барлық тәрбиеленушілерінің жеке даму карталары ұсынылған. Жеке даму карталарында балалардың «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық» және «Әлеумет» салалары бойынша бастапқы, аралық және қорытынды бақылаудан кейінгі білім, білік, дағды деңгейлері көрсетілген. Тәрбиеленушілердің білімін бағалау бойынша құжаттар келесі сілтемеде